



РЕЙХСТАГҚА
ТУ ТІККЕН

5-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



ШӘКІРТ ШЫРАҒЫН
ЖАҚҚАН

6-БЕТ | ТҰЛҒА



ОТБАСЫЛЫҚ
САЙЫС

8-БЕТ | СПОРТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Тартыспен түскен, бейнетпен
келген жақсылық қана,
шын мәнінде, қымбат табыс.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

”

№55
(4799)

Сейсенбі
13 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Номиналы 1000 теңгелік мерей-
тойлық банкнота айналымға
шықты.

«Қазақстан Ұлттық банкі Жеңістің
80 жылдығына арнап номиналы 1000
теңгелік мерейтойлық банкнотаны
айналымға шығарады. Олардың тара-
лымы 5 миллион данамен шектелген»
делінген хабарламада.

Мерейтойлық банкнота өз құнына
сай Қазақстан Республикасының бүкіл
аумағында төлемнің барлық түрі бой-
ынша қабылдануға жатады. Сондай-ақ
банк шотына салуға, Қазақстан Рес-
публикасының барлық банкінде аударуға
және ұсақталуға міндетті.



Қазақстанда мектеп оқушыла-
рының қорытынды аттестация-
лау мерзімі анықталды.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметін-
ше, 9-сынып оқушылары үшін қорытын-
ды емтихандар 29 мамыр-10 маусым
аралығында өтеді. Олар міндетті пәндер
бойынша 4 жазбаша емтиханнан тапсы-
рады. 11-сынып түлектеріне арналған
мемлекеттік емтихандар 30 мамыр-16
маусым аралығында өтеді. Оқушылар 5
емтихан тапсырады, оның бірі ауызша
түрде өтеді. Негізгі және жалпы орта
білім туралы аттестаттарды тапсыру
салтанаты білім беру ұйымдарында
18-20 маусым аралығында өтеді.



АНАҒА ТАҒЗЫМ — АНАҒА ҚҰРМЕТ

Елордада мамыр айындағы әсерлі
мерекенің бірі – Аналар күні
ерекше аталып өтті. Астаналық
аналардың құрметіне мерекелік
концерт, спорт сайысы, шеберлік
сабағы және басқа да іс-шаралар
ұйымдастырылды.

ЕЛОРДАДА СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Мәжілісте өткен Үкімет саға-
тында Өнеркәсіп және құры-
лыс министрінің орынбасары
Қуандық Қажкенов дәл қазір
Астана халқына судан тап-
шылық көретіндей қауіп жоқ
екенін айтты.

«Екі жыл бұрын жазда Астананың
жекелеген аудандарында су тапшылығы
болған. Тиісті шаралар қабылданып,
2023 жылдың аяғында №3 су сорып,
сүзетін станса қолданысқа берілді.
Қазіргі таңда тәулігіне 350 мың текше
метр су тұтынып отыр. Біздегі су сүзетін
стансалардың қуаты – 410 мың текше
метр, яғни даму келешегін ескергеннің
өзінде Астанада су тапшылығы жоқ.
Сондай-ақ Астананың резервті су көзін
қалыптастыру үшін бірнеше жоба қолға
алынып отыр» деді вице-министр.



Астананың Көлік және
жол-көлік инфрақұрылы-
мын дамыту басқармасы
Арқар көпірі (M1) бойын-
ша деформациялық тігісті
жөндеу бойынша жұмыс
жүргізілетінін хабарлады.

Осыған байланысты 10-20 мамыр
аралығында көрсетілген учаскеде
қозғалыс ішінара жабылады. Осы
уақытта көлік қозғалысы екі бағытта
бір жағынан ұйымдастырылады.

«Жүргізушілер мен жаяу жүр-
гіншілер қозғалыс бағытын алдын
ала жоспарлауы және қозғалысты
ұйымдастырудағы ықтимал өзгеріс-
терді ескеруді сұраймыз» делінген
елорда әкімдігінің ақпаратында.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету
және қолайсыздықты азайту үшін
уақытша жол белгілері мен көр-
сеткіштер орнатылады.

ҚАЛДЫҚ ҚАЛАЙ ӨҢДЕЛЕДІ?

Бас қаладан бір күнде қала сыртындағы по-
лигонға 1200 тоннаға жуық әртүрлі қоқыс пен
қалдық шығарылады. Бүгінгі таңда елордада
қалдықтарды шығару және өңдеу бойынша
бірқатар жоба жүзеге асырылып жатыр.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 582.47 \$ USD/KZT 516.01 ₸ RUB/KZT 6.26 ¥ CNY/KZT 71.3

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ӘМІРЛІКТЕР –
ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ
СЕРІКТЕСТЕРІНІҢ БІРІ

Ақорда резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Одан әрі Мемлекет басшысы Абу Дабидің Тақ мұрагері Халед бен Мұхаммед Әл Нахаянмен келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, оның бұл сапары Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретініне назар аударды. Президенттің айтуынша, Әмірліктер – еліміздің ең басты серіктестерінің бірі. Қос мемлекеттің мақсат-мүдделері бір-бірімен сәйкес келеді. 2023 жылы екі ел үкіметтері Стратегиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

Кездесуде Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстан экономикасындағы ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіретіні жөнінде айтылды. Былтыр БАӘ-ның елімізге құйған инвестиция көлемі екі есеге артып, рекордтық көрсеткішке жетті. Мемлекет басшысы аталған сапар аясында құны 5 миллиард долларды құрайтын 20-дан астам коммерциялық келісімге қол қойылатынын құптады. Оларды жүзеге асыру елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты айтарлықтай ілгерілетіп, өзара тиімді байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді.

ҚАЙ САЛАЛАРДА
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ЖАҢДАНАДЫ?

Абу Дабидің Тақ мұрагері көрсетілген қонақжайлық үшін



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

11-12 мамыр күндері елімізге Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян ресми сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен келіссөз барысында Қазақстан мен БАӘ арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтудың келешегі талқыланып, жалпы құны 5 млрд. АҚШ долларын құрайтын 20-дан аса коммерциялық келісімге қол қойылды. Тараптардың құжат алмасу рәсімінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктері Үкіметі арасында жел электр станциясы жобасын іске асыру туралы келісімнің ратификацияланғаны туралы хабарланды.

ризашылығын білдірді. Сонымен қатар табиғаты көркем, халқы жайсаң елімізге ерекше қуанышпен келетінін жеткізді. Халед бен Мұхаммед Әл Нахаян Қазақстан мен БАӘ арасындағы қарым-қатынас өзара сенім, қолдау және ортақ игілікке бірге ұмтылу қағидаттарына құрылғанын атап өтті. Бұл байланыстар сауда-инвестициялық ықпалдастық шеңберінен шығып, энергетика, көлік салаларынан бастап цифрлық инфрақұрылым мен білім беру ісіне дейін жалғасып жатқан кең ауқымды бағыттарды

қамтитынына тоқталды. Тақ мұрагерінің айтуынша, қол қойылатын келісімдер екі елдің болашақта да бірлесіп жұмыс істеуге бейіл екенін дәлелдейді. Алдағы уақытта БАӘ инвестиция есебінен Жамбыл облысында жел энергиясы стансасы салынады. «Біздің серіктестігіміз цифрлық трансформацияда жасанды интеллект, суперкомпьютерлер, сондай-ақ ақылды қалалар бойынша қызметтерді дамытуда жаңа ынтымақтастықпен ілгерілейтін болады. Жаңа технологияны қаржыландыруда біз

стратегиялық салаларда, оның ішінде жаңа нарықтарды капиталдандыруда, сондай-ақ жаңа аспектілерді жобалауда жұмысты жалғастыратынымызды атап өткіміз келеді» деді Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян.

ЕКІ ЖЕЛ ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯСЫ САЛЫНАДЫ

Арабтар Жамбыл облысында 1,4 млрд долларға екі жел электр станциясын салады. Бұл туралы Ақордадағы келіссөздерден кейін Энергетика министрі Ерлан Ақ

кенженов мәлім етті. Ол келісім бекіп, тараптар тек құжаттармен алмасатынын айтты. Станциялардың құрылысы 2026 жылы басталмақ. Жалпы қуаты – 1 ГВт. Жоба аясында шамамен 100 тұрақты жұмыс орны ашылады. Электр станциясын салу кезінде қуатты жинақтаудың заманауи жүйесі енгізіледі. Бұл жел күшейген уақытта артық өндірілген электр қуатын жинақтап, жүктеме шегіне жеткен сәтте оны желіге жіберуге мүмкіндік береді. Инвесторларға жер учаскесі жалға беріледі.

ТАРАПТАР ҚҰЖАТ
АЛМАСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның келіссөздері аяқталғаннан кейін екіжақты құжаттар алмасу рәсімі өтті. Тараптар мынадай құжаттарды алмасты: 1. Қа-

зақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Энергетика және инфрақұрылым министрлігі арасында автокөлік саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум; 2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен Біріккен Араб Әмірліктері Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум; 3. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Masdar компаниясы арасында Қазақстан Республикасында 2 мың МВт-қа дейін қуат сақтау жүйесі және 500 МВт-қа дейін тәуліктік энергиямен қамту жобаларын әзірлеу бойынша ынтымақтастық туралы келісім; 4. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен АІҚ арасында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын цифрлық трансформациялау бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім; 5. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Abu Dhabi Commercial Bank арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум; 6. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Presight компаниясы арасында Қазақстан Республикасында суперкомпьютер кластерін құру жөніндегі келісім; 7. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен Abu Dhabi Ports Group арасындағы сауда флотын кеңейту бойынша ынтымақтастықты дамытуға қатысты хаттама; 8. «QazaqGaz» ҰК» АҚ мен АІҚ арасында мұнай-газ саласын цифрландыру бағытындағы ықпалдастық мәселелері бойынша стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі келісім; 9. Түркістан облысы әкімдігі мен Абу Дабидің Тақ мұрагері шейх Халед бен Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян атындағы перзентхана құрылысын салу және қаржыландыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандум; 10. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі мен Terminals Astana Airport Limited арасында Астана қаласының Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы мен оған іргелес аумақты дамытуға инвестиция салу туралы келісім.



МАРАПАТТАУ ПАРАҒЫН ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен әскери парадқа барды, сондай-ақ Белгісіз жауынгердің бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. Парадқа Қазақстан Республикасынан Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Иван Панфилов атындағы Десанттық-шабуылдау әскері 37-бригадасының сарбаздары қатысып, сап түзеп өтті.

Салтанатты іс-шарадан кейін Мемлекет басшысы мен Ресей Президенті аз-кем әңгімелесті. Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі

архивінен алынған Қазақстан Президентінің әкесі, гвардия сержанты Кемел Тоқаевты марапаттау парағын табыстады. Құжатқа сәйкес, ол Кеңес Одағының Батыры атағына

ұсынылған. Алайда бұл атақ берілмеген. Кемел Тоқаев Польша аумағындағы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталған.

GRAND SLAM ТУРНИРІН ТАМАШАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Qazaqstan Barysy Grand Slam дзюдодан халықаралық рейтинг турниріне барды. Турнирді Мемлекет басшысымен бірге Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визер, Олимпиада чемпионы Елдос Сметов тамашалады.

Биыл бұл бәсекеге әлемнің 46 елінен үздік шыққан 358 спортшы қатысты. Қазақстандық дзюдошылар арасынан Ғұсман Қырғызбаев (-66 келі)

пен Талғат Орынбасар (-60 келі) күміс, ал Мағжан Шамшадин (-60 келі), Аман Бақытжан (-60 келі), Есет Қуанов (-73 келі) және Абылайхан Жұбаназар

(-81 келі) қола жүлде жеңіп алды. Астанада осымен Grand Slam әлемдік сериясының жарыстары үшінші мәрте өтіп жатыр.



МЕКТЕПТЕ – ЖАСАНДЫ САНА

Астананың №101 орта мектебінде «Жаратылыстану мен математикалық ғылымдар саласындағы жасанды интеллект: инновациялар және келешек мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шараны Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен қалалық Әдістемелік орталығы бірлесе ұйымдастырды.

Индира
БЕРЖАНОВА

Конференция жасанды сананың жаратылыстану және математикалық ғылымдарға ықпалын зерделеу, білім беру жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын талқылау, педагогтар мен

зерттеушілер арасында тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыруға арналды. Іс-шарада сөз алған Астана қаласы Әдістемелік орталығы орта білім беру бөлімінің әдіскері Анар Қабдиева бүгінде мектептерде виртуалды зертханалар кеңінен қолданылатынын атап өтті. Виртуалды ортада

оқушылар құрал-жабдықтармен жұмыс істеп, шынайы өмірде көзге елестетуге қиын күрделі геометриялық пішіндерді зерттейді. Мұның барлығы 3D технологиялар арқылы жүзеге асады, бұл өз кезегінде сабақты көрнекі әрі қызықты етеді деседі. Сонымен қатар оқушылар өз бетімен түрлі бағдарлама әзірлеп, жасанды сананы есептер шешуге және жеке жобаларын жасауға пайдаланады. Олардың көпшілігі өз жұмыстарын ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, соның ішінде халықаралық деңгейде де таныстырып жүр. Іс-шара барысында оқушылар ғылыми жобаларын көпшілікке таныстырды. Солардың бірі – мектептің 8-сынып оқушысы Аружан Мәлік.

– Біз командамызбен ағылшын тілін үйренуге арналған веб-сайт жасадық. Сайтта тыңдалым, жазылым, айтылым және оқылым секілді бөлімдерге қатысты 18 карта бар. Веб-сайтты жасау үшін HTML, CSS және JavaScript тілдерін қолдандық, сондай-ақ ChatGPT-ді қоса пайдаландық. Бұл құралдардың барлығы бізге бірегей контент жасауға көмектесті, – деді оқушы.



ЖЕДЕЛ КӨМЕК КӨРСЕТІП КЕЛЕДІ

Тіршілікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі iKomek109 бірыңғай байланыс орталығы құрылған күннен бастап қала тұрғындарынан 15 миллионнан астам өтініш қабылдады.

Жедел көмек көрсету орталығы 2018 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Сол уақыттан бері жыл сайын орта есеппен мұнда 2,2-2,3 миллион өтініш түседі. Бұл сервистің жоғары сұраны-

сын және азаматтардың жүйеге деген сенімін білдіреді. iKomek109 елорда әкімдігінің фронт-офисі ретінде барлық 24 қалалық басқарманы, 6 аудандық әкімдікті, 24 коммуналдық қызметті,

79 лифт шаруашылығын және қаланың тұрғын үйлеріне қызмет көрсететін 1370-тен астам ұйымды қамтиды. Күн сайын операторлар түрлі сипатта 3-8 мың аралығында қоңырауларды, соның ішінде лифтіге тұрып қалған адамдар, ашық құдықтар, электр кабельдерінің үзілуі және жедел араласуды қажет ететін басқа жағдайлар сияқты шұғыл қоңырауларды өңдейді.

ЕСКІ КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛЕДІ

Абаттандыру жобасы аясында Сарыарқа ауданындағы Гёте көшесі жаңарады. Бұл аумақта 100-ден астам ағаш отырғызылып, шағын сәулет нысандары орнатылады. Сонымен қатар қосымша автотұрақ орындары қарастырылып, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар кедергісіз орта талаптарына сай бейімделеді.

Ауқымды жұмыстар Ә.Мәмбетов және Ғұмар Қараш көшелерінде жүргізіледі. Мұнда қосымша көгалдандыру, жайлы демалыс аймақтары, бұрын жарықтандырылмаған аумақтарға жаңа жарық шамдарын орнату және бар жарық жүйесін жаңарту көзделген. Сондай-ақ жоба елордалық Арбат, Кенесары хан ескерткіші маңы, Променад және Е.Рахмадиев атындағы филармония алдындағы алаңды да қамтиды. Бұл жерлерде классикалық үлгідегі шойын шамдар орнатылып, заманауи көше жиһазы жайластырылады. Жерасты өткелі барлық тұрғын үшін қолжетімді болатындай қайта жөнделіп, тротуарларға тактильді бағыттаушы жолақтар төселеді.



ОЛИМПИАДАДА ТОП ЖАРДЫ

Бас қаланың жас физиктері Сауд Арабиясының Дахран қаласында өткен 25-Азия физика олимпиадасында (APhO-2025) ерекше нәтижеге қол жеткізді. Қазақстан құрамасының барлық 8 мүшесі жүлделі орынға ие болып, 4 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды.

Беделді халықаралық додаға 30 елден 240-қа жуық мектеп оқушысы қатысты. Солардың арасынан топ жарған Астана қаласындағы NurOrda мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Нұргүл Егенбергенова олимпиадаға қатысушы ең үздік қыз бала ретінде арнайы

«Best Female» сыйлығына ие болды. Азия физика олимпиадасы – теориялық әрі тәжірибелік күрделі тапсырмаларды қамтитын халықаралық деңгейдегі білім сайысы. Сауд Арабиясының Білім министрлігі, Mawhiba қоры және Патша Фахд атындағы мұнай және минералдар университеті

ұйымдастырған іс-шараға Астана қаласының атынан қатысқан оқушылар арасында Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Әмірбек Азатбеков, NurOrda мектеп-лицейінің оқушысы Нұргүл Егенбергенова, «Spectrum International School» оқушылары Әмір Пішенбаев пен Артур Ким күміс медаль иеленсе, республикалық физика-математика мектебінің тәлімгері Ілияс Қазымбек пен NurOrda мектеп-лицейінің оқушысы Даниэль Төлеубаев қола медальмен марапатталды.



ДАРА ЗИЯЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі айрықша еңбегі үшін Қуаныш Сұлтановты «Отан» орденімен марапаттады. Тәуелсіздікті тұғырлы етуге елеулі үлес қосқан қайраткер ағамызды «Астана ақшамы» оқырмандары атынан мәртебелі марапатымен, мерейлі жасымен құттықтап, шуақты сәттері көп болсын деп тілейміз!

Көпті көрген, өмір сабақтарын түйген, журналистиканың барлық классикалық жанрларында жаза білетін көшелі кісіге «Қуаныш Сұлтанұлы» деген аты-жөн – қашанда біліктілік пен парасат өлшемі. Сондықтан біз бұл жолы көпке үлгі қайраткер тұлғаның өзіміз таныған қасиеттеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Оның тағдыры мыңдаған құрдастарының тағдырымен, тауқыметімен ұқсас болуы мүмкін. Фашизмге қарсы соғысып, қан майданнан елге жарақаттанып қайтқан әкесі дүниеден озғанда, ол бар болғаны 12 жаста екен. Естияр ұл әпкесі мен қарындасын, екі інісін жігерлендіру үшін де іштей рухтанады, намысын жанады.

Сол шақта анасының: «Қуантай, әкеңнен қалған баланың үлкенісің...» деген сөзі оқушы Қуанышты бір сәтте-ақ жауапкершілік белесіне көтереді. Балалықпен қош айтысып, саналы өмірге жол тартады. Бұл әке қуатымен, ана сүтімен келген жауапкершілік еді. Оны өлшеу мүмкін емес, тек сезіну керек. Қандай жауапты сәттерде шешім қабылдаса да анасының рухы сабырға шақырады, әруағы перзентінің биіктен көрінуін қалайды. Өмір соқпағының даңғылы болмайтын белгілі, әркімнің өз сүрлеуі бар.

Қуаныш Сұлтанұлы өз қатарындағы замандастары сияқты барлық мектептен өткен деуге болады. Ауыл шаруашылығы, техника, радиотехника, спорт салалары бойынша жиған-терген білімі бір кісіге нан табарлықтай дәрежеде десек, артық айтқандық емес. Ал ұлтымыздың дәстүрі, мәдениеті, ғылымы, әдебиеті, музыкасы өзінің өсу өрісі екенін сезіп, журналистика мамандығын таңдағанда жол сілтеген ұстаздарына құлақ асумен бірге айқын ұстанымын, ізденімпаздығы мен шығармашылық әлеуетін жанына серік еткеніне көзіңіз жетеді. «Қайраткер қасиетін» білгііз келсе, оның жастайынан жазған мақалаларын, еліміздің тарихи белестеріне орай шыққан кейінгі жылдардағы кітаптарын оқысаңыз да жеткілікті. Бәрінде «теңіз тамшысы білініп» тұрады. Ал орталық мерзімді басылымдардағы публицистикасы тәуелсіздіктің шежіресін тарқатқандай болса, Елбасы мен басқа да қайраткер, санаткер замандастары туралы жазған эсселері оқырманға ой салумен қабат ізгілікке бөлейді. Парасат пен адамгершілікті, адамзатқа ортақ өзге құндылықтарды бағалауға, асыл қасиеттерді дәріптей білуге, қазақ ұлтының баянды дәстүрін, Қазақстан халқының мызғымас бірлігін қадірлеуге шақырады. Ол маңызды мәселеге қалам тербеп, сырттан ғана бақылап отыратындардың санатынан емес. Қуаныш Сұлтанұлы өзінің қызметінен бөлек, барша мәдени шараның – премьеры, презентация, көрме,

концерт болсын, жастар арасындағы, этносаралық татулық пен патриоттық бағыттағы жиындардың, түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мәжілістерінің бел ортасында жүреді. Мұндай үздік қасиет барша мемлекеттік қызметкерге, депутатқа, министрге үлгі-өнеге деп батыл айта аламыз. Ұлт мәдениеті, ұлт өнері үшін ділімен емес, тілімен ғана күйіп-пісетіндер бұдан сабақ алуы өз алдына, құрығанда бұл олардың қаперінде жүрсе екен деген оймен жазып отырмыз.

Ел байқаған (соның ішінде біз де бармыз) дінімізде аса құрметпен есептелетін тағы бір сипаты – келіскен көркем мінезі. Әрине, идеология саласында бұрын-соңды талай лауазымды адамдар болды, қазір де бар, бірақ солардың біразы негізгі миссиясын сезіне алмады немесе сезінбей жүр. Идеологиялық жұмысты бүге-шігесіне дейін білетін Қуаныш Сұлтанұлы Парламентте ғана емес, қарапайым халықтың ортасына да еркін кіріп, ұлтқа ортақ құндылықтарды айтып, талай мәрте көсілгеніне де куә болдық. Қоғамдағы жүйесіздік пен кереғарлықты батыл айтқанын да, түрлі пиғылдағы адамдардың қитұрқы қылықтарын әшкерелеп, соңынан кешіргенін де көрдік. Бұл да кешіре білетін қасиетінен, көпшілікті ұйыта білетін қабілетінен, жайдары көркем мінезінен екені шүбәсіз.

Келешектің келбетіне үнемі сеніммен, үмітпен қарайтын Қуаныш Сұлтанұлының тағы бір ерекшелігі – өткенді мансұқтамау, дәстүр жалғастырудағы мисеркерлігі. Бардың бағын асырып, өткеннің тағылымын еске салып отыру. Қаламгерлік пен қайраткерлік тізгінін тең ұстап, жаңа дәуірде жақсылықтың ізашары болған ардақтылардың жалғасы, қиын да жауапты кезеңдегі қазақ жастарының жетекшісі, белгілі саясаткер, тәуелсіз еліміздің тұңғыш Баспасөз және ақпарат министрі, аға әріптесіміз Қуаныш Сұлтанұлы бүгін де зиялылық пен парасаттың төрінде, баянды елдік істің жуан ортасында жүр. Мінез бен қасиетке бай тұлғаның өмір жолы да, шығармашылық еңбегі де – көпке өнеге. Ендеше осы елшілдік қадір-қасиет жұғысты болсын десек, Қуаныш Сұлтанұлының жазған кітаптарын оқумен бірге хас зиялыға ұқсап бағуға тырысалық. Ескінің есті сөзі бар: «Ел мықты болса – ел ағасынан, үй мықты болса – бел ағашынан» деген. Ел сыналар кезде де, бел сыналар кезде де халық арасынан табылып, биліктің беделді сөзін жеткізген, халықтың қабырғалы сөзін өткізген дәнекер ел ағасы Қуаныш Сұлтанұлының ғұмыры ұзақ, жазары көп, батасы баянды болғай деп тіледік.

Дархан МЫҢБАЙ.
(жазба әлеуметтік
желіден алынды)



4,5 млн ТОННАДАН АСТАМ ҚАЛДЫҚ ЕЛДЕ ЖЫЛ САЙЫН ПАЙДА БОЛУДА

Ержан ҚОЖАС

Министр мәлімдегендей, қатты тұрмыстық қалдықтарға қатысты мәселелерді шешуге 238 млрд теңгеге 98 жоба құрылған. Ең негізгі бағыт – заманауи полигондар салу, қайта өңдеуді дамыту және қалдықтарды бөлек жинау. Сондай-ақ Ерлан Нысанбаев тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер арнайы кәсіпорындар шығынын жабуды қамтамасыз етпейтінін ашық айтып отыр.

Жалпы қалдықтарды қайта өңдеу, сұрыптау және өнім алуға бағытталған министрліктің өз міндеттемелері бар. «Жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу көрсеткішін 40 пайызға жеткізу жұмыстары қолға алынған. Үкімет бағдарлама әзірледі. Мұның ішінде қалдықтарды басқару саласындағы жобаларға 3 пайызбен, 3 жылдан 15 жылға дейін несие берілмек. Бүгінде министрлік әкімдіктер ұсынған құны шамамен 317 млрд теңге болатын 67 жобаны мақұлдаған, ал оның 43-і қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталған. Сондай-ақ көптеген компанияның қоқыс қалдықтарын қажетті экологиялық рұқсаттан артық жинағаны үшін айыппұл (2022-2024 жыл аралығында 405 айыппұл 14,3 млрд теңгені құраған) арқа-лағанын айтқан министр заңға сәйкес әр кәсіпорын өз міндетін білу қажеттігін ескертті. Яғни олар қалдық көлемін азайтуда ең үздік техниканы пайдаланып, қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуге міндетті.

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕДЕН САПА АРТА МА?

Астана қаласында қалдықтарды жинау мен шығару қызметтерінің сапасын арттыру, сондай-ақ тұрғындарға қалықт қалдықтарды қайта өңдеу көрсетуде қала әкімдігі қалалық коммуналдық қалдықтарды шығару компанияларының қызмет сапасын мен фактілерін растау үшін цифрлық құрал енгізген. Жүйе қызмет сапасын нақты уақытпен бақылауға және тиімді басқару үшін аналитикалық деректерді қалыптастыруға мүмкіндік бермек. Бүгінде «Waste Management» ақпараттық жүйесінің көмегімен барлық контейнерлік алаңдар мен контейнерлерді көрсететін цифрлық карта жасалған. Қалдықтарды шығару әрбір контейнерлік алаң бойынша есептеледі. Осылайша, цифрлық жүйе қалдықтарды шығару қызметінің кепілі болады. Мұндайда компаниялардың

ҚАЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАШАН ТҮЗЕЛМЕК?

Елде жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам қалдық пайда болса, быттыр оны қайта өңдеу деңгейі шамамен 26 пайызды құраған. Бұл жоспарланған 30 пайыздан төмен. Мәселені шешуге министрлік мемлекеттік-жекешелік әріптестікті ұсынып отыр. «Осы арқылы тұрмыстық қатты қалдықтарға шекті, экономикалық негізделген тарифті бекіту, сондай-ақ оны әкімдіктер деңгейінде белгілеу жөніндегі құзыретті айқындау ұсынылуда. Ол бойынша қазіргі және ұсынылатын тарифтер арасындағы айырмашылықты утиль алымдары есебінен жабу жоспарланып отыр» деді жақында өткен Үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

жұмысты орындамау фактісін жасыра алмайды.

«Ең алдымен контейнерлік алаңдар, полигондар, көлік құралдары, қатты тұрмыстық қалдықтар инфрақұрылымының цифрлық картасы жасалды. Қызмет тұтынушылары туралы деректер цифрландырылды. Шарттар бойынша операциялар, сондай-ақ логистика және қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету мониторингі цифрлық форматқа ауыстырылды. Жасанды интеллект элементтерінің көмегімен ағымдағы ауа райы жағдайы мен жолдағы кептелістерді ескере отырып, оңтайлы бағдарлар қалыптасады» деді Үкімет отырысында қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Оның айтуынша, қоқысты шығару фактісін растаудың екі деңгейі енгізілген, яғни көліктің орнына келгені туралы GPS-ростау және қатты тұрмыстық қалдықтарды түсіруге «дейін» және «кейін» фотофиксациясы бар. Осылайша, цифрлық жүйе коммуналдық қалдықтарды кепілдендірілген шығару жүйесін құруға мүмкіндік беруде.

«Цифрлық жүйені қолданысқа енгізгеннен кейін тұрғындар тарапынан түсетін шағымдар аптасына 200-ден 1-2 шағымға дейін төмендеді. Есепке алынбаған абоненттер саны азайды және төлемдерді жинау 75 пайызға дейін ұлғайды. Жыл соңына дейін заңды тұлғаларды толық қамтимыз» деп түсіндірді шаһар басшысы.

Бұл жерде жүйені енгізу мемлекеттен қаржыландырылмайды. Барлық цифрлық жүйені енгізу және күтіп-ұстау қоқыс шығаратын компаниялар есебінен жүргізілмек.

«Халық санының жыл сайынғы өсуі, пайдалануға берілетін тұрғын үй кешендері аумағының ұлғаюы қалдықтардың жинақталуы мен түзілу нормаларының ұлғаюына алып келеді. Осыған байланысты рұқсат етілмеген

полигондардың пайда болуы өзекті мәселе болып тұр әрі оның 95 пайыздан астамы құрылыс қалдығынан тұрады. Мысалы, былтыр ғарыш-мониторинг нәтижелері бойынша 414 заңсыз қоқыс нүктесі анықталып, оның 90 пайыздан астамы жойылды. Қалғандары жақын арада ауа райы қолайлы болған кезде жойылады. Министрлікпен бірлесіп, қала аумағында құрылыс қалдықтарын басқару қағидаларының жобасы әзірленді. Ол құрылыс қалдықтарымен жұмыс істеуді және қалдықтардың қозғалысын есепке алу мен

екіліп соққандай. Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының мәліметінше, былтыр 11 айда бас қалада 390 мың тонна қоқыс шығарылған.

«Астана қаласының өзінен бір күнде полигонға 1200 тоннаға жуық әртүрлі қоқыс шығарылады. Ал үш жыл бұрын, яғни 2021 жылы бұл көрсеткіш тәулігіне 800 тонна ғана болатын. Мұндағы басты себеп – Астанадағы тұрғындардың көбеюі және бас қаланың тұрақты дамуы. Бізде қала бойынша қатты тұрмыстық қалдық қабылдайтын, экология-

АСТАНА ҚАЛАСЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, БЫЛТЫР 11 АЙДА БАС ҚАЛАДА 390 МЫҢ ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛҒАН. БІР КҮНДЕ ПОЛИГОНҒА 1200 ТОННАҒА ЖУЫҚ ӘРТҮРЛІ ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛАДЫ. РҰҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ПОЛИГОНДАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ. ОНЫҢ 95 ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ ҚҰРЫЛЫС ҚАЛДЫҒЫНАН ТҰРАДЫ

бақылау жөніндегі цифрлық құралды енгізуді регламенттейді. Осы ережелерді биыл сәуір айының соңына дейін бекіту жоспарлануда. Сондай-ақ барлық құрылыс нысанына әрбір рейстің құрылыс қалдықтарын есепке алуға ақпараттық жүйе енгізуге кірісеміз. Мұның бәрі құрылыс қалдықтарын реттеуге, мемлекеттік бақылау орнатуға және рұқсат етілмеген полигондарды болдырмауға мүмкіндік береді» деді Жеңіс Қасымбек.

ҚОҚЫСТЫҢ КӨБЕЮ СЕБЕБІ НЕДЕ?

Бізге белгілі болғандай, елордадағы халық санының өсімі қоқыс көлемінің артуына

лық талаптарға, санитарлық ережелер мен құрылыс нормаларына сәйкес келетін бір ғана полигон бар. 70 гектар болатын полигонға тиесілі №1 ұяшықтың ауданы – 12 гектар. 2006-2018 жылдары жұмыс істеп, шамамен 4 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық жинаған. Бүгінде мұнда қоқыс қабылданбайды. Ал №2 ұяшық деп саналатын аумақтың 97 пайызы қоқысқа толған. Оның сыйымдылығы – 2 млн тонна. Аталған аумақ 2018 жылы жұмысын бастағалы мұнда 1,9 млн тоннадан астам әртүрлі тұрмыстық қалдық қабылдан-ды. Полигон 2032 жылға дейін «Астана Экополигон» ЖШС-тің сенімгерлік басқаруына берілген» дейді Қоршаған ортаны

қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары Медет Есенбекұлы.

Оның айтуынша, қазір полигонның №3 ұяшық құрылысын жобалау жұмысы басталып кеткенге ұқсайды. Сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдейтін және өңдеуге жатпайтын қоқысты жоюмен айналысатын эконопарк құрылысын салу жобасы да бар.

ӨНДЕУ ДЕ БІР ӨНЕР

Расымен, әр өңірдегі полигонның сыйымдылығын ескерсек, қалдықтарды қайта өңдеу технологиясының қаншалықты маңызды екенін байқаймыз. Бір ғана мысал, Астанадағы жалпы тұрмыстық қалдықтардың негізгі көзі, тұрғындар тарапынан бөлек, құрылыс нысандары мен өзге кәсіпорындардан шығады. Ал сарапшылар елде қоқыс көбейсе, қалдықтарды қайта көдеге жарату, сондай-ақ оны өңдеу тәсілдері технологиясын жандандыруды күшейту қажеттігін айтады.

«Бір ғана нәрсе белгілі, қалдықтарды полигонда сақтау біздегі мәселені түбегейлі шешпейді. Мемлекет қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізсе ғана қазіргі қоқыс полигондарына түскен жүктемелі барынша азайта аламыз. Шетелдік тәжірибелерді енгізу арқылы Астана ғана емес, ел бойынша экологиялық ахуалды жақсартар едік. Екіншіден, тұрғындар арасында әртүрлі қалдықтарды үйден шығарарда саналы түрде бөлек-бөлек сұрыптау мәдениетін енгізіп, өзіміз де жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Мысалы, Германия азаматтары пластик қалдықтарды бөлек, шыны ыдыстарды бөлек арнайы ыдысқа салып, белгіленген орынға ретімен тастайды. Әрі осы үрдіс бұзылмау үшін онда қоқыс қызметін қадағалайтын арнайы полиция қызметі де бар. Жалпы республикада экологиялық сауаттылықты насихаттауға бағытталған шараларды көптеп енгізген дұрыс» дейді эколог Әділ-Қасым Жарылқасынұлы.

Шетел демекші, бұл ретте Еуропа елдерінің тәжірибесі мол әрі ауқымды. Аталған елдерде 1980 жылдардың соңынан бастап қоқыстарды пайдаға асыру жолға қойылды. Бүгінде еуропалықтар тұрмыстық қалдықтарды қоқыс жәшігіне сұрыптамай тастамайды. Мысалы, қоқыс өңдеу саласында Германия ең алдыңғы орында десек, мемлекеттегі әр азаматтың пәтерінде қоқыс жинауға

арналған кемінде 3, тіпті кейде 8 түрлі ыдыс бар. Халық ескі киімдерін арнайы контейнерге салады. Айтпақшы, Германияда кез келген сусынның бағасына ыдыс құны қосылады. Босаған кезде оны өткізіп, ақшасын кері қайтарып алуға болады. Сондай-ақ ел астанасы Берлинде жасөспірімдер қоқыс жинап өткізсе, қаржылай марапатқа ұсынылады.

ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

Ұлыбританияда тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптамағаны үшін айыппұл арқалайды. Мұнда кез келген дүкеннің алдында тағамға, ескі киім мен электротехникаға арналған контейнерлерді көруге болады.

Америкада қалдықтар пластик бөтелкелерге жиналады. Сосын ол әр үйдің қасында тұрған арнайы контейнерлерге салынады. АҚШ-та сұрыптау өткен қалдықтар қайта өңделіп, қағаз, пластмасса, шөлмектерден арнайы тауар шығару дұрыс жолға қойылған. Ең қиыны, аталған елде сағат сайын 2,5 миллион пластик шөлмек тасталады. Ал олардың толық шіруіне 700 жыл қажет. Қазір мұндағы ірі қалаларда тұрмыстық қалдықтарды жоюға ауқымды мемлекеттік бағдарлама қолға алынған.

Франция қоқысты сұрыптап жинау әдісі мен қайта өңдеу арқылы 30% алюминий, 50% өңек және газет қағазын өндірісе, Финляндия көшелерінде жәшікке ұқсас арнайы ыдыстар қойылған. Олар қалдықты арнайы вакуумды құбыр арқылы жер астымен бірден қоқыс өңдейтін зауытқа апарды. Бір ерекшелігі, мұнда қалдықтар барынша терең өңделеді. Шынылар ұсақталып, ыдыс жасайтын зауыттарға сатылады. Нәтижесінде бір шөлмек 30 мәрте қолданылады. Ал қалған қоқыс өртеліп, одан жылу энергиясы алынады.

Жапонияда да тұрмыстық қалдықтарды өртейді, ал одан алынған энергияны жылыту үшін қолданады. Жапондар қалдық өңдеу ісінде тым алда тұр. Тіпті олар органикалық қалдықтан құрылыс материалын шығарады.

Қызылорда облысының тұрғыны, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Болат Нұрқожаев қоқыс һәм қалдықты өңдеу мәселесі күн тәртібінен түспеу керек деп есептейді.

«Қоқыс, тұрмыстық қатты қалдық, полигон мәселесімен арпа-ды қайта өңдеу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізсе ғана қазіргі қоқыс полигондарына түскен жүктемелі барынша азайта аламыз. Шетелдік тәжірибелерді енгізу арқылы Астана ғана емес, ел бойынша экологиялық ахуалды жақсартар едік. Екіншіден, тұрғындар арасында әртүрлі қалдықтарды үйден шығарарда саналы түрде бөлек-бөлек сұрыптау мәдениетін енгізіп, өзіміз де жауапкершілікті сезінуіміз қажет. Мысалы, Германия азаматтары пластик қалдықтарды бөлек, шыны ыдыстарды бөлек арнайы ыдысқа салып, белгіленген орынға ретімен тастайды. Әрі осы үрдіс бұзылмау үшін онда қоқыс қызметін қадағалайтын арнайы полиция қызметі де бар. Жалпы республикада экологиялық сауаттылықты насихаттауға бағытталған шараларды көптеп енгізген дұрыс» дейді эколог Әділ-Қасым Жарылқасынұлы.

Шетел демекші, бұл ретте Еуропа елдерінің тәжірибесі мол әрі ауқымды. Аталған елдерде 1980 жылдардың соңынан бастап қоқыстарды пайдаға асыру жолға қойылды. Бүгінде еуропалықтар тұрмыстық қалдықтарды қоқыс жәшігіне сұрыптамай тастамайды. Мысалы, қоқыс өңдеу саласында Германия ең алдыңғы орында десек, мемлекеттегі әр азаматтың пәтерінде қоқыс жинауға арналған кемінде 3, тіпті кейде 8 түрлі ыдыс бар. Халық ескі киімдерін арнайы контейнерге салады. Айтпақшы, Германияда кез келген сусынның бағасына ыдыс құны қосылады. Босаған кезде оны өткізіп, ақшасын кері қайтарып алуға болады. Сондай-ақ ел астанасы Берлинде жасөспірімдер қоқыс жинап өткізсе, қаржылай марапатқа ұсынылады.

Ұлыбританияда тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптамағаны үшін айыппұл арқалайды. Мұнда кез келген дүкеннің алдында тағамға, ескі киім мен электротехникаға арналған контейнерлерді көруге болады.



ӨМІР ЖОЛЫ

Қошқарбаев Рақымжан Ақмола облысында дүниеге келіп, Алматы қаласында өмірден өткен. Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы Целиноград ауданы Тайтөбе ауылында дүниеге келген. Өзі 4 жасында анасынан, 13 жасында 1937 жылы «Халық жауы» ретінде қудаланған әкесінен айырылған да, Тайтөбе Балалар үйінде тәрбиеленген. 1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы Фрунзе (Бішкек) қаласында жаяу әскер училищесін бітірген. 1944 жылы қазан айынан бастап 1-Белорусь майданындағы 150 Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатысты. Лейтенант Р.Қошқарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Г.Болатов екеуі Кеңес Одағы әскері арасынан Рейхстагқа бірінші ту тікті. Соғыстан кейінгі жылдарда Эльба бойында кеңестік оккупация әскери бөлімдерінде қызмет атқарды. 1947-1967 жылдары Ақмола облысы Атқару комитетіндегі нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Қоныс аударушылар жөніндегі Бас басқармада инспектор ретінде қызмет атқарған. 1967 жылдан «Алматы» Қонақ үйінің директоры болды. Р.Қошқарбаев Қызы ту, I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

ЖАУДЫ ШАПТЫМ
ТУ БАЙЛАП, ШЕПТІ
БҰЗЫП АЙҚАЙЛАП...

Алғаш жеңіс жалауын тіккендердің қатарында 674-атқыштар полкінің жауынгерлері сағат 14:30-да Р.Қошқарбаев пен Г.Болатов болды. Түнге қарай сағат 22:50 минут өткенде 756-полктің барлаушылары Михайл Егоров пен Мелитон Кантария Армения әскери кеңесінен алған №5 жалауды ғимарат күмбезінің ұшар биігіне тікті. Осы жалау Жеңіс Туы болып қалды. Бірақ, ұрыс тағы бір жарым тәулікке жалғасты. Фашистер екі мәрте келіссөз жүргізді, бірақ үшінші күні ғана – 2 мамыр күні сағат 4 сағат 30 минутта қаруларын тастады. Соңғы шабуылдың қаһармандары көп болды, 150-дивизияның 15 жауынгері Алтын жұлдызбен, қалғандары – орден және медальдармен марапатталды. Дивизия «Берлиндік» екінші құрметті атаққа ие болды. Шайқастан кейін екі құжатқа да 1945 жылы 17 сәуір мен 6 мамырда 674-атқыштар полкінің командирі подполковник Алексей Плеходанов қол қойған. 22 сәуірде 1-Беларусь майданы 3-армиясының 79-Берлин атқыштар корпусының қолбасшысы генерал-майор Семен Переверткин Рақымжан Қошқарбаевты және оның үш әріптесін I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапаттау туралы бұйрыққа қол қойды.

Архивте сақталған құжатта 1945 жылы мамырда Р.Қошқарбаев «Кеңес Одағының Батыры атағына лайық» делінген марапат парағы толтырылған екен. Бірақ, Кеңес Одағының Батыры атағы берілмеген. Оның орнына Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

ЖЕҢІС ТУЫНЫҢ ТІГІЛУІ
ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ
ДЕРЕКТЕР

Жеңіс туын алғаш тіккендер жайлы 1945 жылы 3 мамырда «Воин Родины» газетінде 150-дивизия туралы Василий Субботин жазған екен. Осы алғаш жазған журналист В.Субботин мен К.Қазыбаевты кейін Бауыржан Момышұлы таныстырыпты. 1948 жылы журналист Борис Горбатов Рейхстагқа ту тіккендер туралы «Литературный»

XX ғасырда Екінші дүниежүзілік соғысқа қазақ елінен 1 млн 800 мың адам қатысты. Қазақстаннан 20 дивизия құралып, майданға аттанды. Солардың тең жартысы Отанына қайта оралмады. Жорық жолында ерлік көрсетті, қаза тапты, аман қалғандары Жеңіспен елге оралды. Сол кезде ерекше ерлігімен көрініп, Берлин қаласындағы басты ғимарат Рейхстагқа ту тіккен де қазақтың батыр ұлы Рақымжан Қошқарбаев еді.

РЕЙХСТАГҚА
ТУ ТІККЕН

БАБАЛАРДЫҢ
ЕРЛІГІН
ЖАЛҒАСТЫРҒАН
БАТЫР

газетінде: «В самом деле, пора уже перестать сравнивать войн нашей армии с орлами и беркутами. Какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах вместе с другими товарищами воздвигнул знамя победы над рейхстагом. Чтобы показать такого героя, нужен совсем иной поэтический строй, иные образы, иная поэзия – поэзия социалистического реализма» деп жазған екен.

Алғаш рет Кәкімжан Қазыбаевқа Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев туралы ізденіс жасау және жазу жөнінде Бауыржан Момышұлы өзі 1958 жылы тапсырған екен. Сол кезде Б.Момышұлы: «Исторический человек! Оның өмірі отпен жазылған. Ұрпаққа – өнеге! Ерлерді ел басына күн туғанда тудырады» депті. Қазақстанға ГДР-ден келген Карл Кокоско есімді журналист 1958 жылы Кәкімжан Қазыбаевпен сөйлескен. Екеуінің сұхбаттасқан негізгі тақырыбы Берлин қаласында рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев туралы өрбіген. Германиядан келген журналист Рейхстагқа ту тіккендер арасында Рақымжан Қошқарбаев та болғандығын білетіндігін және өзі ізденіс үстінде жүргендігін айтқан. 1965 жылы Кәкімжан Қазыбаев Жеңістің 20 жылдығына байланысты «Кернеген кек» деректі повесін жарыққа шығарған. Онда Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы баспасөзде көп материалдар жарияланған. Ең ғажабы, осы кезде Ұлы Отан соғысы тарихының бесінші томы шығып үлгерген. Оған еленіп, екшеліп талай сараптан өтіп, Рейхстагты алуда жаппай ерлік көрсеткен совет жауынгерлерінің ең ерендерінің, бұған дейін сирек айтылып, тіпті мүлде айтылмай жүргендерінің есімі жазылған. Міне, солардың ішінде Р.Қошқарбаев пен Г.Болатовтың да аттары жазылып шыққан.

ӘДІЛДІК ҮШІН
КҮРЕС

Берлинде 1945 жылы 30 сәуірде Рейхстагқа алғашқы Жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев туралы шындықты іздеген Кәкімжан Қазыбаев 1958 жылы 21 ақпанда «Лениншіл жас» газетіне «Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры» тақырыбында мақала жариялаған. Одан кейін көп кешікпей Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне шақырылған. Онда барғанда Рақымжан Қошқарбаев туралы осы жазбаларының алғашқы жарық көруі мен жинақталуы Бауыржан Момышұлының нұсқауымен жүзеге аса бастағанын баяндаған. Ол кісі осындай шақырту мен қозғалыстың бастауында Жұмабек Тәшенев тұрғанын кейін естіген. Ол кезде Жұмабек Тәшенев Қазақ



КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы қызметін атқарып жүрген. Қызмет бабымен Ж.Тәшенев бір кезде Москвада Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңес Төралқасы төрағасының орынбасары қызметін уақытша атқарып жүрген кездерінде Рақымжан Қошқарбаев туралы Бас штабтың архив материалдарын көтертіп, одан Р.Қошқарбаевтың Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанын және оның неліктен берілмегені жайлы сұрау үшін маршал И.С.Коневті Бас штабтан шақыртып сөйлескенде маршал шамданып қалады, екеуі қатты сөзге келген. Жүгінуге К.Е.Ворошиловке барады. Бірақ, дау түйніл шешілмей аяқсыз қалады.

1961 жылы «Ұлы Отан соғысы тарихының» 5 томы жарық көретін кезде бұрынғы 150-атқыштар дивизиясының генерал-лейтенанты В.М.Шатилов мынадай мәселені ескеруді ұсыныпты: «Прошу председателя редколлегии Истории Великой Отечественной войны просить Президиума Верховного Совета СССР о награждении товарищей, которые были представлены, но остались не награжденными. Считаю и прошу из 150-й дивизии присвоить звание Героя Советского Союза за штурм Рейхстага: 1) полковника запаса Плеходанова Алексея Дмитриевича; 2) лейтенанта Рахимжана Кошкарбаева; 3) рядового Григория Болатова; 4) старшего лейтенанта Бреста Алексея Прокофьевича; 5) старшего лейтенанта Гусева Кузьму Владимировича; 6) сержанта Шербину Петра; 7) сержанта Пятницкого Петра». К этому следует добавить, что Кошкарбаев и Болатов в свое время были представлены к званию Героя Советского Союза. Реляция об этом до сих пор лежит в архивах Генерального штаба Советской Армии (По всей вероятности, ходатайство военным командованием о присвоении звания Героя Советского Союза Р.Кошкарбаеву было отклонено по причине необоснованной репрессии его отца в 1937 году)» деп жазылыпты.

Осы кезде Қазақстаннан белгілі қайраткер тұлғалар: Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, И.Шутов, Ә.Тәжібаев және Бауыржан Момышұлы әділдік жөнінде сұрау салып, хат жолдаған екен. Ондағы құжаттың соңында Бауыржан Момышұлы: «Мы поддерживаем предложение участников совещания штурма Рейхстага. Ходатайствуем связи с двадцатилетием Победы Советских Вооруженных Сил во Второй мировой войне присвоить Р.Кошкарбаеву и Г.Булатову звания Героя Советского Союза» деп толықтырып жазыпты.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед 2014 жылы 10 қазанда Егемен Қазақстан газетінде «Жаужүрек менің ағаларым» тақырыбында мақала жариялаған. Тарихи шындықты анықтау үшін Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрілігінің Орталық мұрағатына арнайы хат жазып, құжаттар алдырған. Онда Жеңіс туын тіккен оқиғаның ізін суымай тұрып, Р.Қошқарбаевтың полк командирі А.Плеходанов былай деп жазыпты: «Командир взвода разветки лейтенант Р.Кошкарбаев и разведчик красноармеец Г.Булатов в 14:30 возродили знамя над Рейхстагом (РФ ҚМӨМ. 1390-қор, 1-тізім, 76-іс, 174-

175 парақтар)» деп жазылған екен. Одан кейін тағы бір тарихи құжатта: «Достоин присвоения Героя Советского Союза» РФ ҚМӨМ. 33-қор, 686196-тізім, 44/143-іс, 32-33 парақ» [9] деп атап көрсетіліпті. Яғни, сол кезде «Кеңес Одағының Батыры» атағына ұсынылған. Бірақ, әкесі Қошқарбай Мусиннің 1937 жылы қуғын-сүргінде «Халық жауы» ретінде қудаланып кетуі бөгет болған сияқты.

Қазақстандық тарихшы Болат Асанов пен В.Семенихин 2005 жылы 7 мамырда Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы В.Путиннің атына лейтенант Рақымжан Қошқарбаевқа қатысты тарихи әділеттілікті қалпына келтіруді өтініп жеделхат жолдаған. Рейхстагқа Жеңіс туын бірінші болып тіккен лейтенант Р.Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Григорий Булатов туралы сұраған. Ал 2005 жылдың 15 шілдесінде Ресей Қорғаныс министрлігінің Әскери тарих институтынан мынадай жауап берген: Құрметті Б.Асанов пен В.Семенихин жолдастар! РФ Қорғаныс министрлігі Әскери тарих институтының қызметкерлері жерлесіңіз, лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігінің құжаттық дәлелі бар екенін анықтады. 1945 жылы 6 мамырда Кутузов дивизиясының 2-дәрежелі Идрицк атындағы 150-атқыштар полкінің 674-атқыштар полкінің командирі Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды. Оның марапаттау парағынан: «29.04.1945 ж., взвод жаудың киян-кескі қарсылығын бұзып, Шпри өзенінен алғашқылардың бірі болып өтті, 30.04.1945 ж. Рейхстагқа басып кіріп, Жеңіс туын желбіретті. 150-атқыштар дивизиясы командирлері мен 79-атқыштар корпусы командирінің қорытындысында: «Кеңес Одағының Батыры атағына лайық» деп жазылған дерек бар екендігін растап жауап қайтарған.

АРДАГЕРДІҢ ХАЛЫҚ
ҚАҒАРМАНЫ АТАНУЫ

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 17 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының ардагері Р.Қошқарбаевтың есімін мәңгі қалдыру туралы» қаулысымен Целиноград облысындағы (қазіргі Ақмола облысы) Целиноград ауданындағы «Қосшы» ауылындағы орта мектепке оның есімі беріледі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығында: «Р.Қошқарбаевқа жоғары ерекшелік белгісі – «Халық қаһарманы» атағын беру туралы 1999 жылы 7 мамырдағы қаулыда Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып Жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевқа (марқұм) жоғары ерекшелік белгісі – «Халық қаһарманы» атағы берілсін, – деп қол қойған.

Қорытындылай айтқанда, Р.Қошқарбаев пен Г.Болатов Кеңес Одағы кезеңінде 1945 жылы 30 сәуір күні сағат 14:30 да Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс Туын тікті. Ал М.Егоров пен М.Кантария туы кешке сағат 22:50-де тігілген. Кезінде шындық бүркемеленді, әділдік айтылмады. Батыр азамат замандастары арасында кейде еске алғанда көңілі босаған екен. Солай өз тұсында лайықты бағасын ала алмай кетті. Бірақ, Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Шындық артта жүреді, өтірік алда жүреді, бірақ түбінде шындық шығады» деген екен. Иә, расында уақыт төреші, халық бағалаушы болды.

Қанат ЕҢСЕНОВ,
тарих ғылымдарының
кандидаты

Мен алғаш 1994 жылы ғылыми жетекшім академик Рымғали ағайдан «Алғашқы қазақ романдарындағы әйелдер бейнесі» атты тақырып алып, бекітуге барғанымда Ұлытау жері туралы көп білетіндігін, біз естімеген біраз аңыз бен әлі де жарық көрмеген талай тарихи жағдайлар туралы айтқан еді. Осы кездесуден кейін мені қатты мазалаған ой: «Сізді Ұлытау жеріндегі студент жастармен кездестіріп, осы айтып отырғандарыңызды өзіңіздің аузыңыздан естуге және Ұлытаудың тарихи жерлеріне апарып аралатармын» деп ой түйген едім.

2002 жылы қазіргі Ұлытау облысындағы академик Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіретін студенттердің мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (МАК) төрағалығына Рымғали ағай арнайы шақыртумен келген болатын. Ағайды университетіміздің ректоры, п.ғ.д., профессор Жұмағали Наурызбай үлкен құрметпен қарсы алды. Шақыртуына уақыт тауып келгеніне өте риза болды. Кафедрадағы жас мамандардың өсуіне бірден-бір қол ұшын беретін, мықты ғалымдардың керектігін айтып өтінішін білдірді. Ағай ректордың өтінішін жерге қалдырмады. Қорғаймын, ғылыммен айналысамын дегендерге көмегімді аямаймын деген ойларын айтты.

Академик Р.Нұрғали Астананың үлкен қалалығын, өзі еңбек ететін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қуанышын ала келген болатын. Ол қуаныш – төл тарихымыздың ең әйгілі ескерткіштерінің бірі, түріктің ұлы қолбасшысы Күлтегін батырдың құрметіне орнатылған тас ұстынның тұңғыш рет жасалған ғылыми көшірмесінің Еуразия ұлттық университетіне қойылғандығы. Мәңгі тасқа сөз, жыр, өлең, өсиет етіп жазылған ескерткішке түркі халқының барлығы да ие болуға қақысы барын, бірақ соған қарамастан қазақтар күллі түркі елі енші алып тарағанда, қазақ халқы қара шаңыраққа ие болып, бір жағы Еуропаны, бір жағы Азияны жайлап жатқан мына ұлы даланың белінде жатып, көне түріктердің рухын, әдет, салт-ұрыштарын сақтап қалған ел екендігін жастарға жеткізе айтқан еді. Сөзін ақын Мағжан Жұмабаевтың: «Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа, Түріктен басқа от боп жан туып па? Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па?» деген өлең жолдарымен түйіндеген. Біздің ұлы бабаларымыз Бұмын, Естемі, Құтылық, Қапаған, Білге сияқты қағандардың, Тонкөк сияқты ақылғой даналардың, Күлтегін сияқты ұлы қолбасшы



батырлардың есімдері сол замандағы әлемнің небір айтулы тұлғаларының есімдерімен қатар тұра алатындығын мақтанышпен айтты, тыңдаушы жастарға үлкен ой тастады. Филология мамандығы бойынша дайындалып жатқан студент, магистрант, докторанттарға оқылған алғашқы дәріс сұрақ-жауап түрінде өтіп, жастарды ойландырап мәселелер төңірегінде сөз қозғалған. Үш сағатқа созылған алғашқы кездесу барысында ғалым бойынан ұстаз мәдениетін, ұстаздықтың сара жолын ұстаған парасаттылығын, терең білімділігін, дәріскерлік шеберлігін көзімен көрген, көкейімен ұққан жастар сол дәрісханадан үлкен рухани азық алып тарасқан. Бүгінгі таңда қоғамның жаңаруына сәйкес әдебиет, өнер саласында да біраз өзгеріс барлығын, терең білімділігін, дәріскерлік шеберлігін көзімен көрген, көкейімен ұққан жастар сол дәрісханадан үлкен рухани азық алып тарасқан. Бүгінгі таңда қоғамның жаңаруына сәйкес әдебиет, өнер саласында да біраз өзгеріс барлығын, терең білімділігін, дәріскерлік шеберлігін көзімен көрген, көкейімен ұққан жастар сол дәрісханадан үлкен рухани азық алып тарасқан. Бүгінгі таңда қоғамның жаңаруына сәйкес әдебиет, өнер саласында да біраз өзгеріс барлығын, терең білімділігін, дәріскерлік шеберлігін көзімен көрген, көкейімен ұққан жастар сол дәрісханадан үлкен рухани азық алып тарасқан.

Академик Рымғали Нұрғалимен жүздесу бақытына ие болған студенттеріміздің қуанышын ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Тек еңбектерімен сырттай ғана таныс болған студенттердің қояр

сұрақтары да көп болды. Емтихандары мен диплом қорғау жұмыстары да өте сәтті аяқталды. Бізге бұйырған аз уақытты дұрыс ұйымдастыру мақсатында, ағаймен келісе отырып, түрлі кездесулер мен дәрістерді ұйымдастырып отырдық. Үлкен талант рухы, шығармашылық шабыт, терең теориялық білім, үздіксіз іздену, өнердің, әдебиеттің даму процесіне әлемдік биік талап тұрғысынан қарау – Р.Нұрғали қаламгерлігінің өнегелік сипаты болса керек. Қоғамдық ойдың, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің алып бәйтерегі, отызыншы жылдар саясатының құрбандары Ш.Құдайбердиев,



Ұстаздық – Р.Нұрғали үшін орны бөлек қызмет. Ұстаздық – мәңгі көнермейтін, қандай қоғам, қандай кезең болса да өзінің қайта түлейтін қуатымен қасиетті де абыройлы мамандық. Ғұмыр бойы ізденуді, мазасыз толғанысты, өзін-өзі рухани жетелеуді керек ететін, жауапкершілігі шексіз кәсіп, әр адамзат баласының ең бір қадір тұтатын пірі. Ұстаз еңбегі күнделікті өндірілетін өнім емес, оның жұмысының нәтижесі, өлшемі – шәкірттеріне берген білімі дегенді біз академиктің бойынан толық көре алдық

ШӘКІРТ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН

Бар саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуына арнаған ұстаз, ғалым, академик-жазушы Рымғали Нұрғалидің туғанына – 85 жыл. Ғалымның ұлытаулық шәкірттері, біз алғаш бұрынғы Жезқазған облысы (қазіргі Ұлытау жаңа облыс орталығы) болып ашылған жылдары жан-жақтан жас мамандар болып, жолдамамен келген болатынбыз.

А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевты ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия мүшесі болып, ақталуына әдебиеттанушы ғалым ретінде, ұстаз ретінде белсене атсалудың бірі болды. Студенттер алдында қайта оралған есімдердің мұраларын ғылыми тұрғыдан талдап, тұшымды дәрістер оқып, тұңғыш ғылыми мақалалары мен «Әуезов және Алаш», «Вершины возвращенной казахской литературы» атты кітаптарының жазылу тарихына тоқталып, қойылған сұрақтарға жауап беру кезінде де жастардың ерекше ықыласы мен ілтипатына қатты риза болды. Дәрісін тыңдаған оқытушылар мен студент жастар ағайдың ұстаздық қыры мен мол дариядай біліміне, тың ойларына, түсіндіру шеберлігіне ризашылығын білдіріп еді.

Ұстаздық – Р.Нұрғали үшін орны бөлек қызмет. Ұстаздық – мәңгі көнермейтін, қандай қоғам, қандай кезең болса да өзінің қайта түлейтін қуатымен қасиетті де абыройлы мамандық. Ғұмыр бойы ізденуді, мазасыз толғанысты, өзін-өзі рухани жетелеуді керек ететін, жауапкершілігі шексіз кәсіп, әр адамзат баласының ең бір қадір тұтатын пірі. Ұстаз еңбегі күнделікті өндірілетін өнім емес, оның жұмысының нәтижесі, өлшемі – шәкірттеріне берген білімі дегенді біз академиктің бойынан толық көре алдық.

Демалыс күндері ағайды арнайы Ұлытау өңіріндегі түрлі тарихи жерлерге апарып, демалдыруды университет ректоры, Ұлытау жерінің тумасы Жұмағали Наурызбай мырзаның өзі ұйымдастырған болатын.

Алашаханның, Шыңғысханның ұлы Жошыханның, орта ғасырлық сарай күйшісі Домбайдың кесенелерінің басында болып, Ұлытау биіктерінің бірінде жатқан, аты аңызға айналған Едіге батырдың басына барып қайтты. Сонымен қатар дәл осы өңірде бүгінгі күнге дейін әртүрлі тарихи дәуірдің ескерткіштері сақталған – Теректі әулиедегі тас бетіндегі

суреттерді көріп, үлкен ризашылығын білдірген болатын.

Іссапардың соңғы күні кафедра отырысы болды. Мен осы кафедраның меңгерушісі ретінде әрі кандидаттық диссертациямда жетекшім болған академик Рымғали Нұрғалидің жетекшілігімен «Қазақ романдарындағы ғашықтық сарын» тақырыбында докторлық диссертациямды әрі қарай жалғастыратын болып шештім. Араға жылдар салып, қазақ әдебиеті кафедрасынан үш оқытушы академик Рымғали Нұрғалидің жетекшілігімен 1 докторлық (2007), 2 кандидаттық (2001, 2009) жұмыстарын қорғап шықты. Кафедрада академик Рымғали Нұрғалидың мектебі қалыптасты. Сонымен қатар дипломдық, магистрлік жұмыстар да қорғалды.

Екінші болып қорғаған Кенжебай Ахметов 2001 жылы академик Р.Нұрғалидің жетекшілігімен «Айқын Нұрқатовтың әдеби сын, ғылыми-зерттеу еңбектері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Осы ғылыми тақырыбы бойынша «Айқын Нұрқатов – әдебиет сыншысы» (2001), «Айқын Нұрқатов – әдебиет зерттеушісі» атты оқу құралдарын шығарды. Бүгінде Кенжебай Ахметов ғалым-ұстаз, ақын, жазушы, драматург, әулетімен көпшілікке танымал.

Бүгінде К.Ахметов – жетекшісінің ізбасары ретінде «Әдебиеттану әліппесі» (2000), «Әдебиеттануға кіріспе» (2004) оқулықтарының, «Әдебиетті аңдату» (2003) электронды оқулығының авторы. Бұл оқулықтар еліміздің барлық ЖОО-да пайдаланылып жүр. Әдеби даму проблемасына арналған теориялық ой-тұжырымдары ҚР ҰҒА академигі Рымғали Нұрғали құрастырған «Әдебиет теориясы» хрестоматиясына кірген (2003). Сонымен қатар «Жүсіпбек Аймауытов драматургиясын оқыту» (1993), «Драматургиядағы тарихи шындықтың көркемдік сипаттарын оқыту» (1997) сияқты еңбектері де жетекшісінің ғылыми бағытымен ұштасып жатыр.

2009 жылы кафедраның аға оқытушысы, ақын Алмагүл Үмбетова ағайдың жетекшілігімен «Бүркіт Ысқақовтың шығармашылық мұрасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. IV «Шабыт» Халықаралық шығармашыл жастар фестивалі «Үздік әдеби шығарма» номинациясы бойынша М.Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері А.Үмбетова әдеби-көркем шығармашылықпен айналысуды. Поэзиялық шығармалары «Жас алаш», «Парасат», «Азия-транзит» т.б. басылымдарда жарияланды. Өлеңдері «Абаймен сырласу», «Армандастар», «Кеңгірдің кербез толқыны» жыр жинақтарына енген. Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметін атқарып келген ғалым-ұстаз А.Үмбетова бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, Баспасөз және баспа ісі кафедрасында қызмет етеді. Бүркіт Ысқақовқа арналып өтілген конференцияда баяндама жасап, «Бүркіт Ысқақовтың әдеби мұрасы» атты монографиясы мен бірнеше мақаласын жарыққа шығарды.

Ғалым-педагог Р.Нұрғали еліміздің ең ірі деген оқу орындарында еңбек етіп, республика көлемінде, алыс-жақын шетелдерде өткен түрлі ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, қазақ әдебиеті, мәдениеті, тарихы туралы баяндамалар жасағаны да бәрімізге белгілі. Бүгінде академик Р.Нұрғалидің қаламынан шыққан барлық еңбек университетіміздің кітапханасында жеткілікті данамен қамтамасыз етілген. Ғалымның әдеби мұрасын зерттеу мақсатында бірнеше студент дипломдық, магистрлік жұмыс жазу үстінде. ҚР ҰҒА-ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, көрнекті сыншы, жазушы, энциклопедияшы, академик Р.Нұрғалидің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеу бүгінгі жас ғалымдарымыздың алдында тұрған келелі мәселелердің бірі деп есептеймін.

Академик-ұстаздан білім алған шәкірттері – бүгінде бірі депутат, бірі ғалым, ал бірқатары түрлі жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің мақтанышы болып жүргендер.

Білім мен ғылым, әдебиет пен өнер, ел басқару саласындағы бүгінгі басшы қайраткерлердің көпшілігі Рымғали ағамыздың шәкірттері болып отырғаны – ғалым-ұстаздың елге сіңірген еңбегінің байлығы мен баяндылығының анық та айқын көрсеткіші.

Сәуле ТАПАНОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор

АСПАЗДЫҚ ШЕБЕРЛІГІН КӨРСЕТТІ

Астанада отбасылық құндылықтарды нығайту және гендерлік өзара іс-қимылдың оң үлгілерін қолдау мақсатында жас отбасылар үшін аспаздық шеберлік сабағы өтті.

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы ұйымдастырған іс-шараға қатысқан жас жұбайларға кәсіби аспаз шеберлік сабағын өткізді. Олар тек тамақ әзірлеп қана қоймай, тәжірибе алмасып, бірлескен іс-шаралар арқылы жайлы, отбасылық береке қалыптастыруды үйренді. Бұл әдіс жас отбасыларға практикалық дағдыларды

меңгеріп қана қоймай, олардың эмоционалдық байланысын нығайтуға көмектесті. «Даму Қазақстан қоғамдастығы» атқарушы директоры Анара Битебаева бұл шараның «Отбасы – бақыт мекені» жобасы аясында өтіп жатқанын ерекше атап өтті. «Біз аспаздық бойынша шеберлік сабағын өткізіп жатырмыз. Оған 20 жас отбасы

қатысты. Біздің басты мақсатымыз – отбасылық қарым-қатынасты нығайту. Олар бұл жерде жай ғана тамақ дайындап қоймайды. Бұл дәмді тағам ғана емес, жақындық, көңіл бөлу және кішкентай нәрселерге қуану» деді ол. Шеберлік сабағы барысында жас жұбайлар кәсіби аспаздың жетекшілігімен ет асып, асшаяннан қауап әзірледі. Ең

бастысы, бұл іске ерлі-зайыптылар атсалысып, қамқорлық танытып, бірге ас әзірледі. Аспаздық шеберлік сабағы қоғамның ең маңызды институты ретіндегі отбасының рөлін нығайтуға және ашық қарым-қатынасқа, пікір алмасуға арналған алаңға айналды. «Кейбір ерлі-зайыптылар ұзақ уақыт бойы осындай тыныш күйде бірге уақыт өткізбегенін атап өтті. Біз көбінесе қарым-қатынас үлкен әрекеттер арқылы нығайды деп ойлаймыз, бірақ шын мәнін



де бұл қарапайым нәрселерден басталады. Бұл қызықты болды және ұзақ уақыт есте қалады. Кейде жақынырақ

болу үшін жұбайыңның қасында болғаны жеткілікті» дейді іс-шараға қатысушы Анар Битебаева.



АР АДАМЫ. БАУЫРЖАН

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында Жеңістің 80 жылдығы мен әйгілі әскери қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай «Ар адамы. Бауыржан» деректі драмасының премьерасы өтті.

Даңқты батыр туралы спектакльдер жоқ емес. Кезінде Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртазаның «Ноқтаға басы сыймаған» пьесасы, жазушы-драматург Елен Әлімжанның «Бауыржан Момышұлы» драмасы сахналанды. Жаңа туынды идеясының авторы әрі қоюшы режиссері – Жұлдызбек Жұманбай. Инсценировкасын журналист, жазушы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Бақытбек Қадыр мен Жұлдызбек Жұманбай жасады.

Қойылымда Бауыржан Момышұлының «Соғыс психологиясы», «Ұшқан ұя» кітаптары, батырдың мақалаларындағы, хаттарындағы тарихи деректер, Александр Бектің «Волоколамск тас жолы», Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» кітаптары, т.б. еңбектер пайдаланылды.

Сахнадан бір мезетте қос

Бауыржанды көруге болады. Оның бірі – батальонды бастаған қолбасшы Бауыржан, екіншісі – егде тартқан, өткен өмірін монологтары арқылы сараптайтын Бауыржан. Батырдың жас кезін актер Әмірхан Оразбақ сомдаса, қарт кезеңін тәжірибелі әртіс, Мәдениет қайраткері Айбол Шәкіржанов бейнеледі.

Бастысы, спектакльде қандай жағдайда да тек арға ғана, намысқа сүйенген батырды көреміз. Бауыржан Момышұлының қатал мінезі баршаға белгілі. Оны өзгелерден ерекшелеген де сол мінез еді. Қойылымның өне бойында әділетсіздікке жаны қас батыр болмысы суреттелген. Мәселен, драмада жауға қарсы шабуылға шығудан қорқып, өз қолын өзі атып алған бөлімше командирін Бауыржан қатаң жазалайды. Өзгелерге үлгі болсын деп қорқақты тергеусіз, сотсыз

ату жазасына бұйырады. Бұл бұйрық орындалады да. Батыр да – пенде. Сонда санасында жауынгерінің пулеметті жинаудағы шапшаңдағы секілді өзін сүйсіндірген қасиеттер жаңғырса да, басқалар соғыс жағдайында боркеміктік танытпасын деп жасық жауынгерді атқызады.



Қойылымдағы сәтті режиссерлік шешімдер, көрермендердің жүрегіне жылулық ұялататын көріністер туралы да айта кетсек, артық болмайды. Бір жерінде Александр Бек батырға «Сіздің ұстаздарыңыз кім?» деген сұрақ қояды. Сонда Бауыржан «Менің ұстаздарым – қазақтың кең даласы, туған жерім – Мыңбұлақ, мені тәрбиелеген қара кемпір» деп жауап береді. Артынша сахнаға бала Бауыржан, оның әжесі, апалары шығады. Сонда әже немересін еркелетіп, жүн сабап отырады.

Бұл бір жағынан қазақтың бір дәстүрін көрсету болса, екінші жағынан ұрпақ тәрбиесіндегі әже институтының маңызын таныту деп ұқтық. Бауыржан Момышұлының майданнан демалысқа келіп, жазушы Сәбит Мұқановпен бірге жыр алыбы Жамбылға сәлем бере баратыны бар. Сонда Жамбыл оған бата береді. Бұл да – дәстүріміздің бірін насихаттау. Қойылымда батырдың ұлы Бақытжан мен келіні Зейнеппен қарым-қатынасы да өнегеге толы. Бауыржан оларды шыншыл болуға тәрбиелегенін көрсетеді.

Спектакльдің музыкасы жайында да аз-кем айта кетсек, майданда ерлікпен қаза тапқан Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровқа арналған Рамазан Елебаевтың «Жас қазақ» әні қойылым лейтмотиві десек те болады. Бірде композитор Нұрғиса Тілендиев пен ақын ақын Мұқағали Мақатаев Бауыржан Момышұлының шаңырағына барып, батырдың майдандас достарын сағынып отырғанының үстіне түседі. Бұл жағдай шығармашылық

иелерін тебірентіп, дүниеге «Мен сендерді іздеймін» әні келеді. Бауыржан Момышұлы жазылуына тікелей себепші болған осы туынды да қойылымда қолданылды. Батыр, композитор, ақын кездескен көрініс спектакльге енгізілсе, әсер одан әрі күшейер еді деп ойлаймыз.

Жауынгерлердің батырға деген құрметі украин жауынгері Грицконның, соғыстан кейін кездесетін өзбектің қарт солдаттарының әрекеттерінен көрініс табады. Куба өз еліне шақырып, құрметтеген Бауыржанды өз елі кезінде лайықты бағаламағаны айтылады. Жалпы жақсы спектакль дүниеге келді. Сахнаның артық-ауыссыз безендіруін де айта кету керек. Бұл тұрғыдан қоюшы-суретші Қанат Мақсұтов жақсы еңбектенген. Ендігі кезек, көрнекті композитор Әсет Бейсеуовтің «Батыр Бауыржан» операсында. Жазылғанына 40 жылдан асса да, бұл туынды әлі еш жерде қойылмады. Батырдың биылғы мерейтойында сахнаға шығатын нағыз спектакль.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

МАЙДАНГЕРДІҢ МӘДЕНИЕТКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Елордадағы №103 мектепте Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы Азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі Miras қоғамдық кеңесінің көшпелі отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе майдангерлердің мәдениетке қосқан үлесі, олардың есімдерін елдің есінде қалдыру туралы пікір алмасу жүрді. Аталмыш кеңес төрағасы, белгілі ақын, ғалым Серікзат Дүйсенғазы кешегі Ақмоладан, бүгінгі Астанадан Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағамбетов сынды батырлар шыққанын, «Қараөткел» зиратында Кеңесарының сарбаздары жатқанын айта келе, бас қалада «Батырлар» аллеясын ашуды ұсынды. Жиында осы өңірден шыққан майдангер жазушы Әскен Нәбиев жайында әңгіме қозғалды.

Осы жолдардың авторы осы кеңестің мүшесі ретінде таяуда дүниеден өткен қазақ әдебиетінің классигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Таразидің «Әлия» атты тарихи трагедиясын сахналау мәселесін көтерді. Аталған туындыда Әлия Молдағұлованың майдандағы ерлігі ғана емес, өмірінің қалтарыс-бұлтарыстары сипатталатын секілді. Туынды кейіпкерлері сондай ойға жетелейді.

Екінші мәселе ретінде бас қаладағы №103 мектептен көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы кабинетін ашу ұсынылды. Бұл ұсыныспен ақынның шәкірті Қабиден Құанышбай, ақынмен шығармашылық байланыста болған әнші, композитор Қайнар Қатбай шықты. Отырысқа жиналғандар ақынның асыл бейнесін еске алып, әдебиетке қосқан үлесі жайында айтты.

Биыл – Несіпбек Айтұлының туғанына 75 жыл. Осыған орай Абай облысында республикалық дәрежеде іс-шаралар өтпек екен. Қашан басталғаны белгісіз, әйтеуір, бізде елге ортақ тұлғаны бір өңірге, туған жеріне ғана телу үрдіс алды. Несіпбек ақын Абай облысының емес, бар қазақтың ақыны болғандықтан, күзде еске алу кешін Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда немесе «Қазақконцертте» өткізу ұсынылды. Серікзат Дүйсенғазы Несіпбек Айтұлының өлендеріне жазылған әндер фестивалін, «Несіпбек Айтұлы оқуларын» өткізу керектігін айтты.

Ұлттық музейде Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің «Шаңырақ» жобасы аясында Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіс жауынгерлері» атты музейлік сабақ өтті.

ЖЕҢІС ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚ

Іс-шараның мақсаты – Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай өскелең ұрпақты Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу, халқымыздың жауынгерлік қасиеттері мен тылдағы ерлігін үлгі ете отырып, жас ұрпақтың бойында елжандылық пен патриотизмді қалыптастыру, сондай-ақ тарихи жадымызды сақтау.

Сабақ Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батыр аталар мен апалардың рухына тағзым ету және бір минут үнсіздікпен басталды. Аталған іс-шараға Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның «Жас сарбаз» клубының тәрбиеленушілері, Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінің 9-сынып оқушылары және Мұстафа Шоқай атындағы №51 мектеп-гимназиясының оқушылары қатысты.

Іс-шара барысында Ұлттық музейдің ғылыми қызметкері, әскери-тарихи диорама миниатюраларын жас



саушы тарихшы-моделист Серік Абдрахманов өз қолымен жасаған диорамаларды оқушыларға таныстырды. Оқушылар Жеңіс туралы патриоттық өлең-

дер оқып, клубтың тәрбиеленуші қыздары қарумен дефиле көрсетіп, автоматты шашып-жинау бойынша шеберліктерін ортаға салды.

«Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Ақтоты Маратқызы қозғалыстың басты мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді, азаматтық белсенділікті және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру екенін атап өтіп, қатысушыларды мерекенен құттықтады. Ұлттық музейдің Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің ғылыми қызметкері Гүлжанат Қажаканқызы Ұлы Жеңіс тек әскери жетістік емес, рух пен батырлықтың, жанқиярлық пен елдіктің символы екенін, 80 жыл өтсе де, бұл Жеңіс халық жадында мәңгі сақталатынын, қаһармандарға құрмет көрсету азаматтық борышымыз екенін айтты.

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі Астана қаласының құрметті азаматы Аубеков Аусадық Елубайұлына зайыбы **Аубекова Райхан Құсайынқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.



АНАЛАР КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Қазақстан мамырдың екінші жексенбісінде ерекше әрі әсерлі мереке – Аналар күнін атап өтеді. Осы мерекеге орай астаналық спортшылар әлеуметтік желілерде «Анаға тағзым – анаға құрмет» атты ерекше челлендж ұйымдастырды.

Челлендж аясында спортшылар отбасыларымен бірге түскен видеолары мен фотосуреттерін жариялап, балалық шағындағы әсерлі оқиғаларды әңгімелеп, аналарына шексіз махаббаты, қолдауы және сенімі үшін алғыс айтты. Кейбірі анасының спортта қалай көмектескені, қиын кезеңде қолдау көрсеткені, өмірлік құнды дағдыларды бойына сіңіргені туралы шағын әңгімелер жазып, фотосуреттерін жариялады. Ал жас гимнастшылар ән орындаса, енді бірі анасына өлең арнады.

Челленджге 2024 жылы Парижде өткен жазғы Паралимпиада ойындарының чемпионы Ақмарал Науатбек, Париж Паралимпиадасының күміс жүлдегері және парадзюдодан Қазақстан ұлттық құрамасының көшбасшыларының бірі Ергали

Шәмей, сондай-ақ допты хоккейден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, VII Қысқы Азия ойындарының чемпионы және Қазақстан кубогының бірнеше дүркін чемпионы, әлем чемпионатының қола жүлдегері Ілияс Хайрекешев сияқты танымал спортшылар қатысты.

Ал Велосипед мектебінің жас спортшылары Давид Егеров, Александр Райт және Леон Ирина Самарина-Лабиринттің өлеңдерін әсерлі оқып, оны аналарына арнады. Астана қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты ұйымдардың жаттықтырушылары мен қызметкерлері де шет қалмады.

Бұдан кейін республикалық челленджді мәдениет қызмет-

керлері де қосылып, челлендж аясында өнер адамдары әлеуметтік желілерде анасымен түскен фотосуреттер мен бейнероликтерін, балалық шақтағы естеліктерін, сондай-ақ анаға арналған шығармашылық туындыларын жариялады.

Аталған игі бастаманы қолдағандар қатарында Наз мемлекеттік би театры, М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Астаналық цирк, Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония, Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры, Жастар театры, Жастар сарайы, Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, Музыкалық жас көрермен театры және басқа да мәдениет қызметкерлері бар.



БЕЙБІТ АСПАН АСТЫНДА

Астанадағы «Жастар» саябағында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай «Бейбіт аспан астында» атты ауқымды іс-шара өтті. Оған ардагерлер, қоғам қайраткерлері, оқушылар мен студенттер және астаналық тұрғындар қатысты.

Батырларымыздың ерлігін еске алу мақсатында өткен іс-шара аясында «Естелік қабырғасы» – мұрағаттық хаттар мен фотосуреттердің экспозициясы, соғыс туралы фильмдер көрсетілетін ашық аспан астындағы көше кинотеатры, интерактивті алаңдар: 1940 жылдардағы фотостенд, әлем тақырыбына арналған сурет шеберханалары,

иммерсивті инсталляциялар мен «Жанданған батырлар» – қазақстандық майдангерлердің анимациялық видеолары сынды түрлі тақырыпта бағдарламалар көрсетілді. Сондай-ақ жастар үшін Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесі туралы дәрістер оқылып, шеберлік сағаттар өтті.

«Мұндай іс-шаралардың мақсаты – өз елі үшін мақтаныш сезімін

тәрбиелеу, бейбітшіліктің құны мен бірліктің маңыздылығын есте сақтау екені бәрімізге мәлім. Жалпы мереке бізге өте ұнады. Мұнда балаларымызбен келдік. Өйткені жас ұрпақ ата-бабаларының ерліктерін біліп, есте сақтауы керек. Олардың ерлігі – халқымыздың тарихы» деп атап өтті елорда тұрғыны Жасұлан Кенжебек.

ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС

Астананың Орталық саябағында Аналар күніне арналған «Көңілді старттар» атты отбасылық спорттық сайыс өтті. Бұл шараны Нұра ауданының әкімдігі мен қалалық спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы бірігіп ұйымдастырды.

Аналар күніне арналған бұл сайыс отбасылық қарым-қатынасты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауға және ата-аналар мен балалардың өзара араласуына жағдай жасауға бағытталған. Іс-шарада отбасылар түрлі ойындарға қатысты: эстафеталық жарыс, скакалмен және доппен секіру, ракеткамен шарды ұстап жүру, арқан тарту

сияқты ойындар ұйымдастырылды. Бұл ойындарда олар ептілік, тепе-теңдік, күш және ұйымшылдықтарын көрсетті. «Кез келген отбасында ананың орны ерекше. Ананың мәртебесіне ерекше мән беріліп, Аналар күні кең көлемде аталып өтіп жатқаны қуантады. Мұндай шаралар аналардың мәртебесін көтеруге, оларды құрметтеуге,

отбасын нығайтуға септігін тигізеді. Бүкіл отбасы таза ауада, бір-біріне көңіл бөліп, белсенді түрде бірге уақыт өткізеді. Біз осындай отбасылық шараларға үнемі қатысуға тырысамыз. Осылайша, балаларымыздың күнделікті өмірінде жаяу серуендеп, салауатты өмір салтын сақтаймыз» деді елорда тұрғыны Жаная Құдайбергелі.



ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАРЫСТЫ

Жеңістің 80 жылдығына орай Астанадағы Ботаникалық бақта елордалық оқушылар мен студенттер арасында жеңіл атлетикадан эстафета өтті. Жарысқа елордадағы 19 мектеп, 9 колледж және 4 жоғары оқу орнынан 500-ге жуық жастар қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА

Эстафетаға тек медициналық тексеруден және спорттық жағынан дайындалған жастар ғана қатысуға мүмкіндік алды. Жарыстың бас төрешісі Дәулет Хамзин дені сау, ұйымшыл және белсенді жас ұрпақты тәрбиелеуде осындай іс-шаралардың маңызы зор екенін атап өтіп, командалардың дайындығын, эстафетаның өту деңгейін жоғары бағалады.

– Эстафета тәуелсіздік алғаннан бері өткізіліп келеді және биыл алғаш рет Ботаникалық бақтың аумағында өтіп жатыр. Өткен жылы іс-шара Триатлон саябағында болды. 2025 жылы қашықтықты 4 шақырымға дейін ұлғайттық, 2024 жылы ол 2300 метрді құраған еді.

Бұл командалар үшін үлкен сынақ болды. Әр команда 14 адамнан тұрады, олар 14 кезеңнен тұратын маршрутты бағындыруы керек. Эстафета тек спорттық шара ғана емес, сонымен қатар жастарды Жеңіс күніне орай біріктіретін тәрбиелік іс-шара болатынына сенімдімін, – деді Д.Хамзин.

Жарыс нәтижесі командалардың ең аз уақытта жүгіріп келуі бойынша анықталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы атынан кубоктар, дипломдар, медальдар, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен эстафетада ЖОО арасында 1-орынды С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің командасы иеленсе, колледждер

арасында жеңімпаз Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі командасы болды. Ал мектептер арасында №27 мектеп командасы оза шауып, бірінші орынды алды.

– Бүгін оқушылар арасында жеңімпаз болғанымызға өте қуаныштымыз. Мұның артында үлкен еңбек, дайындық жатыр. Мектеп базасында көптеген спорт түрлерінен, соның ішінде осы жеңіл атлетикадан жүйелі түрде дайындық жүргізіліп тұрады. Біздің команда мектептің 8,9,10,11 сынып оқушыларынан жасақталған. Біз бұл эстафетаның жыл сайынғы қатысушысы, әрі жүлдегерлеріміз, – дейді Қ.Қайсенов атындағы №27 мектеп-лицейінің педагог шебері Руслан Матаев.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 55

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ